



Қазақстан өңірлері 2017 жылы Регионы Казахстана в 2017 году

Ақмола



Ақтөбе



Алматы



Атырау



Батыс Қазақстан



Жамбыл



Қарағанды



Қостанай



Қызылорда



Маңғыстау



Оңтүстік Қазақстан



Павлодар



Солтүстік Қазақстан




Шығыс Қазақстан



Астана қаласы



Алматы қаласы



**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті**

«Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (ерекше бөлігі)» сәйкес бұл материал көбейтуге (көшіруге) жатпайды, статистикалық ақпараттарды өз жарияланымдарында (басылымдарында) пайдаланған жағдайда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетіне сілтеме жасау міндетті.

В соответствии с «Гражданским кодексом Республики Казахстан (особенная часть)» данный материал не подлежит размножению (копированию), при использовании статистической информации в своих публикациях (изданиях) обязательно ссылка на Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан.

Қазақстан өңірлері 2017 жылы Регионы Казахстана в 2017 году

**Статистикалық жылнамалық
Статистический ежегодник**

Қазақстан өңірлері 2017 жылы / Статистикалық жылнамалығы / қазақ және орыс тілдерінде / 421 бет

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті

Бас редактор Н.С. Айдапкелов

«Қазақстан өңірлері 2017 жылы» жылнамалығында еліміздің 2013-2017 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы деректер жарияланды.

2016 жылғы кейбір деректер бұрынғы жарияланымдармен салыстырылып, нақтыланды, ал 2017 жылғы деректер бірқатар жағдайларда алдын ала алынған деректер болып табылады.

Жылнамалық Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында қол жетімді.

Мекенжай: Қазақстан Республикасы, 010000
Астана қаласы, Мәңгілік ел, 8
Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
Ақпараттық қызмет: +7 7172 749010, 749011
Факс: +7 7172 749546
Электрондық мекенжай: kazstat.rk@gmail.com
Интернет-ресурс: <http://stat.gov.kz>

Шартты белгілер:

- – құбылыс жоқ
0,0 – болмашы шама
Х – құпия деректер
... – деректер жоқ

Жекелеген жағдайларда қорытынды мен қосылғыштар сомасы арасындағы шамалы айырмашылықтар деректерді дөңгелектеумен түсіндіріледі.

Регионы Казахстана в 2017 году / Статистический ежегодник / на казахском и русском языках / 421 стр.

Министерство национальной экономики
Республики Казахстан
Комитет по статистике

Главный редактор Айдапкелов Н.С.

В ежегоднике «Регионы Казахстана в 2017 году» публикуются статистические данные о социально-экономическом развитии страны за 2013-2017 гг.

Некоторые показатели за 2016 год уточнены в сравнении с опубликованными ранее, а за 2017 год в ряде случаев являются предварительными.

Ежегодник доступен на Интернет-ресурсе Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан www.stat.gov.kz.

Адрес: Республика Казахстан, 010000
г. Астана, Мәңгілік ел, 8
Дом Министерств, 4 подъезд
Министерство национальной экономики
Республики Казахстан
Комитет по статистике
Информационная служба: +7 7172 749010, 749011
Факс: +7 7172 749546
Электронный адрес: kazstat.rk@gmail.com
Интернет-ресурс: <http://stat.gov.kz>

Условные обозначения:

- – явление отсутствует
0,0 – незначительная величина
Х – данные конфиденциальны
... – данные отсутствуют

В отдельных случаях незначительные расхождения между итогом и суммой слагаемых объясняются округлением данных.

Мазмұны Содержание

Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуы Социально-экономическое развитие регионов.....	4
1. Негізгі статистикалық көрсеткіштер Основные статистические показатели	25
2. Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер Социально-демографические показатели.....	97
3. Халықтың тұрмыс деңгейі Уровень жизни населения.....	167
4. Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы Статистика труда и занятости	190
5. Баға Цены	210
6. Ұлттық экономика Национальная экономика	225
7. Экономиканың нақты секторы Реальный сектор экономики.....	279
8. Сауда Торговля.....	358
9. Қаржы жүйесі Финансовая система.....	399
10. Үкіметтік емес сектор Неправительственный сектор	403
11. Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері серпіні Динамика основных показателей социально-экономического развития регионов.....	409

Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуы

Социально-экономическое развитие регионов

Өңірлерді жалпы шолу

Общий обзор регионов

Ақмола облысы

Облыс республиканың солтүстік бөлігінде орналасқан, 1939 жылы құрылған.

2018 жылғы 1 қаңтарға облыс аумағы 146,2 мың шаршы км құрады.

2018 жылғы 1 қаңтарға облыс халқы 738,9 мың адамды құрады.

Облыс бойынша халықтың орташа тығыздығы (аумақтың 1 шаршы км-не шаққанда) 5 адамды құрайды.

Облыс аумағының солтүстік бөлігін Көкшетау (ең биік нүктесі Көкше 947 м), Жаксыжалғызтау (730 м), Жыланды (665 м), Тотықұс (480 м), Зеренді (587 м) тауларымен Көкшетау қыратының солтүстік телімі алып жатыр. Облыстың оңтүстігінің негізгі бөлігін абсолюттік биіктігі 300-400 м болатын толқынды төмпешікті жазық алып жатыр. Орталық бөлігінде Сандықтау, Домбыралы таулары, оңтүстік-шығысында Ерейментау көркем таулары (ең биік нүктесі: Ақдін, 899 м), солтүстік-шығысында Сілеті жазығы, орталық бөлігінде – Атбасар жазығы, оңтүстік-батысында Теңіз-Қорғалжың ойысы орналасқан.

Түрлі-түсті, қара және сирек кездесетін металдардың, құрылыс материалдарының, каолиннің, кобальттың, көмірдің, минералды сулардың және емдік қасиеті бар балшықтардың кен орындары бар.

Климаты континенталды, жазы ыстық, қысы суық. Қаңтардағы орташа температурасы - 16, -18°C, шілдедегі +19, +21°C. Жауын-шашынның жылдық мөлшері - 250-400 мм аралығында.

Ең ірі өзендері: Есіл салаларымен (жалпы ұзындығы 2450 км, Қазақстан Республикасы аумағындағы ұзындығы 1719 км), Нұра (978 км), Сілеті (407 км), Құланөтпес (364 км), Өлеңті (273 км), Шағалалы (234 км).

Тұщы және ащы көлдер көп. Ірі тұщы көлдері: Қорғалжын (330 км²), Қожакөл (60 км²), Итемген (57,4 км²), Майбалық (21,1 км²); ащы көлдері: Теңіз (1162 км²), Қыпшақ (64,7 км²), Керей (63 км²), Қияқты (51,6 км²), Шортанды (18,6 км²), Үлкен Шабакты (26 км²), Кіші Шабакты (21,4 км²), Бурабай (10,5 км²), Зеренді (10,7 км²) және тағы басқалары. Облыстағы 13 су қоймаларынан, кепілдендірілген сумен қамтамасыз ету үшін, Есіл, Сілеті, Шағалалы өзендерінің ағысы үш су қоймаларымен реттелді: Астаналық (ауданы 60,7 км², көлемі 410,9 млн. м³), Сілеті (ауданы 36,3 км², көлемі 221,8 млн. м³) және Шағалалы (ауданы 6,6 км², көлемі 28 млн. м³).

Облыстың солтүстігіндегі әртүрлі шөптесін қызыл бетегелі өсімдіктермен және қайыңды-қарағайлы орман алқаптары тараған (Бурабай, Зеренді және басқалар) кәдімгі оңтүстік және карбонатты қаратопырақтар басым болып келеді. Таулық қарағайлы ормандардың негізінде бірнеше курорттар, санаторийлер, демалыс үйлері, Бурабай және Зеренді аң аулау шаруашылығы құрылған және бұларда осы кәсіпшіліктерге қоса әр түрлі жануарлар мен құстарды жерсіндіру және таратып орналастыру жүргізіледі. Облыстың оңтүстік басым бөлігінде бетегелі өсімдіктер өскен қоңыр-күңгірт, күңгірт, ашық күңгірт

Акмолинская область

Область расположена в северной части республики, образована в 1939 году.

Территория области на 1 января 2018г. составляет 146,2 тыс. кв. км.

Население области на 1 января 2018г. составило 738,9 тыс. человека.

Плотность населения в среднем по области (на 1 кв. км территории) составляет 5 человек.

Северную часть территории области занимают срединные участки Кокшетауской возвышенности с горами Кокшетау (высокая точка: гора Кокше – 947 м), Жаксыжалғызтау (730 м), Жыланды (665 м), Тотықұс (480 м), Зеренды (587 м). Южную основную часть области занимает увалисто-волнистая, холмисто-бугристая равнина, абсолютной высотой 300-400 м. В центральной части расположены горы Сандықтау, Домбыралы, на юго-востоке – живописные горы Ерейментау (высшая точка: Ақдын, 899 м), на северо-востоке – Селетинская равнина, в центральной части – Атбасарская равнина, на юго-западе – Тениз-Коргалжинская впадина.

Имеются месторождения цветных, черных и редких металлов, строительных материалов, каолина, кобальта, угля, минеральных вод и лечебных грязей.

Климат континентальный, с жарким летом, холодной зимой. Средняя температура в январе составляет -16, -18°C, в июле +19, +21°C. Годовое количество осадков - 250-400 мм.

Наиболее крупные реки: Ишим с притоками (общая длина 2450 км, в пределах Республики Казахстан 1719 км), Нұра (978 км), Силеты (407 км), Куланотпес (364 км), Оленты (273 км), Шагалалы (234 км).

Много пресных и соленых озер. Крупные пресные: Коргалжын (330 км²), Кожаколь (60 км²), Итемген (57,4 км²), Майбалық (21,1 км²); соленые: Тениз (1162 км²), Кыпшақ (64,7 км²), Керей (63 км²), Кыякты (51,6 км²), Шортанды (18,6 км²), Үлкен Шабакты (26 км²), Киши Шабакты (21,4 км²), Бурабай (10,5 км²), Зеренды (10,7 км²) и др. Из 13 водохранилищ, имеющих в области для гарантированного водоснабжения, стоки рек Ишим, Селеты, Чаглинка зарегулированы тремя водохранилищами: Астанинским (площадь 60,7 км², емкость 410,9 млн. м³), Силетинским (площадь 36,3 км², емкость 221,8 млн. м³) и Чаглинским (площадь 6,6 км² емкостью 28 млн. м³).

На севере области преобладают обыкновенные, южные и карбонатные черноземы с разнотравно-красноковыльной растительностью и березово-хвойными лесными массивами (Боровской, Зерендинский и другие). На базе горных сосновых лесов созданы несколько курортов, санаториев, домов отдыха, Боровское и Зерендинское охотничьи хозяйства, где наряду с промыслами занимаются расселением и акклиматизацией различных видов животных и птиц. В южной преобладающей части области развиты

топырақтар дамыған; Ұсақ шоқылар бойында қарағайлы орман аралдары, Ерейментау тауларында қайыңды-көктеректі ормандар дамыған. Облыста Қорғалжын мемлекеттік қорықшасы, Ерейментау мемлекеттік қорықшасы және Атбасар қорықшасы бар.

Облыс орталығы 1824 жылы құрылған Көкшетау қаласында орналасқан. 2018 жылдың 1 қаңтарына қалада 159,8 мың адам тұрды немесе облыстың барлық халығының 21,6%.

Облыста 17 аудан және 10 қала, 5 кент округі, 233 селолық және ауылдық округі бар, қала халқының саны – 348,7 мың адам (47,2%), ауыл халқының саны – 390,2 мың адам (52,8%).

2017 жылы облыс бойынша жалпы өңірлік өнім 1518,1 млрд. теңгені құрады.

2017 жылы облыста 561,3 млрд. теңгеге өнеркәсіп өнімдері, оның ішінде 870,1 млн. кВт. сағат электр энергиясы, 2141,2 мың тонна тауарлық бетон, 23,5 мың тонна барлық түрлеріндегі ет және тағамдық қосымша өнімдер өндірілді.

381,5 млрд. теңгеге ауыл шаруашылығы өнімдері (қызметтері), дәнді дақылдар (тазаланғаннан кейінгі салмақта) – 4822,2 мың тонна, көкөніс – 60,4 мың тонна, картоп – 281,1 мың тонна, ет (сойыс салмағында) – 61,3 мың тонна, сүт – 385,3 мың тонна, жұмыртқа – 796,9 млн. дана өндірілді.

2017 жылы негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың көлемі 2016 жылмен салыстырғанда 9,5% жоғары және 265 млрд. теңгені құрады.

Ақтөбе облысы

Облыс республиканың солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан, 1932 жылы Қазақстан Республикасының құрамында құрылды.

2018 жылғы 1 қаңтарға облыс аумағы 300,6 мың шаршы км-ге тең.

2018 жылғы 1 қаңтарға облыс халқы 857,7 мың адамды құрады.

Облыс бойынша халықтың орташа тығыздығы (аумақтың 1 шаршы км-ге шаққанда) 2,8 адамды құрайды.

Орналасқан жердің рельефі – жазықтық, аумақтың көп бөлігі қыратты-ойлы жазықтық болып келеді. Солтүстігінде Орал тауларының жалғасы орналасқан. Ортасында Мұғалжар таулары (657 м) созылып жатыр. Батыс жағында солтүстік-батыстағы Каспий маңы ойпатына өтетін Оралтауасты үстірті орналасқан. Оңтүстік-шығысында – дөңесті құм алаптары: Арал маңының Қарақұмы, Үлкен Борсық пен Кіші Борсық. Солтүстік-шығысында – Торғай үстірті.

Жер қойынында хромит (ТМД-да 1-ші орынға ие), никель-кобальт, фосфор, күкірт колчеданы мен түсті металдар кендерінің, калий тұздарының, мұнай мен газдың, таскөмірдің, бокситтердің кен орындары бар.

Облыста жапырақты және қайың тоғайлары, бұталар мен сексеуілді өсімдік толы орман жазықтықтары, солтүстікте кең ақселеу және жусанды дала кеңістіктері, оңтүстігінде шөлейтті және шөл далалары бар.

Облыстың солтүстік батыс бөлігі – ақ селеу - әр түрлі шөпті және жусанды-дәнді шөптерге толы сортаң дақтары бар ашық-сарғылт топырақты дала.

Орталық және солтүстік-шығыс бөліктері ашық-сарғылт және бозғылт топырақты дәнді шөпті-шөлейт дала болып келеді.

темнокаштановые, каштановые и светлокаштановые почвы с разнотравно-типчаково-ковыльной растительностью; по мелкосопочникам островки сосново-березовых лесов, на Ерейментауских горах березово-осиновые леса. Имеются Коргалжынский государственный заповедник, Ерейментауский государственный заказник и Атбасарский заказник.

Центр области расположен в городе Кокшетау, основанном в 1824 году. В городе на 1 января 2018 года проживали 159,8 тыс. человек или 21,6% всего населения области.

В области 17 районов и 10 городов, 5 поселковых округов, 233 сельских и аульных округа, численность городского населения составляет 348,7 тыс. человек (47,2%), сельского – 390,2 тыс. человек (52,8%).

Валовой региональный продукт за 2017 год по области составил 1518,1 млрд. тенге.

В 2017 году в области было произведено промышленной продукции на 561,3 млрд. тенге, в том числе 870,1 млн. кВт. часов электроэнергии, 2141,2 тыс. тонн бетона товарного, 23,5 тыс. тонн мяса и субпродуктов пищевых всех видов.

Продукции (услуг) сельского хозяйства произведено на 381,5 млрд. тенге, валовый сбор зерновых культур (в весе после доработки) – 4822,2 тыс. тонн, овощей – 60,4 тыс. тонн, картофеля – 281,1 тыс. тонн, мяса (в убойном весе) – 61,3 тыс. тонн, молока – 385,3 тыс. тонн, яиц – 796,9 млн. штук.

Объем инвестиций в основной капитал в 2017 году по сравнению с 2016 годом на 9,5% выше и составил 265 млрд. тенге.

Актюбинская область

Область расположена в северо-западной части республики, образована в составе Республики Казахстан в 1932 году.

Территория области на 1 января 2018 года равна 300,6 тыс. кв. км.

Население области на 1 января 2018 года составило 857,7 тыс. человек.

Плотность населения в среднем по области (на 1 кв. км территории) составляет 2,8 человека.

Рельеф местности - равнинный, большая часть территории - холмисто-увалистая равнина. На севере находятся южные отроги Уральских гор. В средней части простираются горы Мугалжар (657 м). Западная часть занята Подуральским плато, переходящим на юго-западе в Прикаспийскую низменность. На юго-востоке – массивы бугристых песков: Приаральский Каракум, Үлкен Борсык и Киши Борсык. На северо-востоке – Торгайское плато.

Имеются крупные месторождения хромитовых руд (1 место в СНГ), никелево-кобальтовых, фосфорных руд, серного колчедана и цветных металлов, калийных солей, нефти и газа, каменного угля, бокситов.

В области имеются леса степи на севере, обширные ковыльные и полынные степные пространства, а также полупустыни и пустыни на юге, с соответствующей растительностью: от лиственных и березовых рощ до кустарников и саксаула.

Северо-западная часть области – ковыльно-разнотравная и полынно-злаковая степь на темно-каштановых почвах с пятнами солонцов.

Центральная и северо-восточная части заняты злаково-пустынной степью на светло-каштановых и сероземных почвах.

Оңтүстікте жусанды-сортаң шөлдер мен қоңыр сортаң аралас құм мен сортаң алаптары орналасқан.

Аймақтың климаты қатал континентальды болып келеді. Қаңтар айының орташа температурасы -15 тен -16С° арасында, шілде айының орташа температурасы +22 ден +25С° арасында. Орташа жылдық жауын-шашын мөлшері - 125-350 мм.

Ірі өзендері: Торғай (825 км, төменгі ағысы), Ойыл (800 км), Жем (712 км), Ырғыз (593 км), Ор (314 км, жоғарғы ағысы), Елек, Қобда. Облыста негізінен кішігірім және тұзды 150-ден астам көл бар, олардың кейбіреуі жазда кеуіп кетеді де сорларға айналады. Қарғалы өзенінде Қарғалы бөгені салынған (ауданы 28,5 км², сыйымдылығы 280 млн. м³).

Облыстың солтүстік-батыс бөлігін сортаң жолақтары бар күңгірт-қоңыр топырақты селеулі-аралас шөпті және жусанды-астық дақылды дала алып жатыр. Орталық және солтүстік-шығыс бөлігін ашық-қоңыр және сұр топырақтарда астық дақылды-жусанды дала, оңтүстігінде құмдар мен сорлар алқаптары бар сортаң құба топырақты шөлдер жусанды-сортаңды шөлдер тараған.

Облыс орталығы Елек өзенінің жағасындағы Ақтөбе қаласында орналасқан және 1869 жылы құрылды. 2018 жылғы 1 қаңтарға қалада 477,1 мың адам тұрды немесе облыстың барлық халқының 55,6%-ы. Ақтөбеден Астанаға дейінгі ара қашықтық - 1678 км. Облыста 12 аудан, 8 қала, 140 ауылдық әкімшіліктер және 367 ауылдық елді мекен бар. Қала халқының саны 545,3 мың адамды (63,6%), ауыл халқының саны – 312,4 мың адамды (36,4%) құрайды.

2017 жылы облыс бойынша жалпы өңірлік өнім 2263,4 млрд. теңгені құрады.

2017 жылы облыста 1597,1 млрд. теңгеге өнеркәсіп өнімдері, оның ішінде: 5,7 млн. тонна шикі мұнай, 6,6 млрд. текше м. ілеспелі мұнай газы, 3,9 млрд. кВт. сағат электр энергиясы, 19 мың тонна ет өндірілді.

200,6 млрд. теңгеге ауыл шаруашылығы өнімдері (қызметтері), оның ішінде 479,9 мың тонна дәнді дақылдар (тазаланғаннан кейінгі салмақта), 76,6 мың тонна көкөніс, 95 мың тонна картоп, 67,8 мың тонна ет (сойыс салмағында), 315,4 мың тонна сүт, 186,7 млн. дана жұмыртқа өндірілді.

2017 жылы негізгі капиталға жұмсалған инвестиция көлемі 2016 жылмен салыстырғанда 11,8% артты.

Алматы облысы

Облыс республиканың оңтүстік шығысында орналасқан, 1932 жылы Қазақстан Республикасының құрамында құрылды.

2018 жылғы 1 қаңтарға облыс аумағы 223,6 мың шаршы км-ге тең.

2018 жылғы 1 қаңтарға облыс халқы 2017,3 мың адамды құрады.

Облыс бойынша халықтың орташа тығыздығы (аумақтың 1 шаршы км-не шаққанда) 9 адамды құрайды.

Алматы облысының аумағы Балқаш көліне қарай еңістеу келген сәл толқындалған жазық болып келеді. Оның айтарлықтай бөлігін көптеген құмды алқаптары (Сарыесік – Атырау, Тауқұм, Мойынқұм, Жаманқұм және т.б.) алып жатыр. Оңтүстігінде: Іле Алатауы, Күнгей Алатау, Кетпен, оңтүстік-шығысында: Жетісу (Жоңғар) Алатауы, Жоңғар қақпасы орналасқан. Облыс аумағында полиметалл кендерінің қоңыр және тас көмірлердің, жанғыш тақта тастың, вольфрам мен молибден кендерінің, эктастардың,

На юге расположены полынно-солонцовые пустыни и пустыни на бурых солонцеватых почвах с массивами песков и солончаков.

Климат в регионе резко континентальный. Средняя температура января составляет от -15 до -16С°, июля - от +22 до +25С°. Среднегодовое количество осадков - 125-350 мм.

Крупные реки: Торғай (825 км), Ойыл (800 км), Жем (712 км), Ырғыз (593 км), Ор (314 км). В области свыше 150 озер, главным образом мелких и соленых, некоторые из них пересыхая, образуют солончаки. Сооружено водохранилище Каргалинское (площадь 28,5 км², емкость 280 млн. м³) на реке Каргалы.

Северо-западная часть области - ковыльно-разнотравная и полынно-злаковая степь на темно-каштановых почвах с пятнами солонцов. Центральная и северо-восточная часть занята злаково-пустынной степью на светло-каштановых и сероземных почвах. На юге расположены полынно-солонцовые пустыни и пустыни на бурых солонцеватых почвах с массивами песков и солончаков.

Центр области расположен в городе Актобе, который находится на берегу реки Елек и основан в 1869 году. В городе на 1 января 2018 года проживали 477,1 тыс. человек или 55,6% всего населения области. Расстояние от Актобе до Астаны - 1678 км. В области 12 районов, 8 городов, 140 сельских администраций и 367 сельских населенных пунктов. Численность городского населения составляет 545,3 тыс. человек (63,6%), сельского – 312,4 тыс. (36,4%).

Валовой региональный продукт за 2017 год по области составил 2263,4 млрд. тенге.

В 2017 году в области было произведено промышленной продукции на 1597,1 млрд. тенге, в том числе: 5,7 млн. тонн нефти сырой, 6,6 млрд. куб. м. газа нефтяного попутного, 3,9 млрд. кВт. часов электроэнергии, 19 тыс. тонн мяса.

Продукции (услуг) сельского хозяйства произведено на 200,6 млрд. тенге, в том числе 479,9 тыс. тонн зерновых культур (в весе после доработки), 76,6 тыс. тонн овощей, 95 тыс. тонн картофеля, 67,8 тыс. тонн мяса (в убойном весе), 315,4 тыс. тонн молока, 186,7 млн. штук яиц.

Объем инвестиций в основной капитал в 2017 году увеличился на 11,8% по сравнению с 2016 годом.

Алматинская область

Область расположена на юго-востоке республики, образована в составе Республики Казахстан в 1932 году.

Территория области на 1 января 2018 года составила 223,6 тыс. кв. км.

Население области на 1 января 2018 года составило 2017,3 тыс. человек.

Плотность населения в среднем по области (на 1 кв. км территории) составляет 9 человек.

Территория Алматинской области представляет собой слабонаклонную равнину в сторону озера Балхаш. Значительную часть области занимают Балхаш-Алакольская и Илийская впадины с многочисленными песчанными массивами (Сарыесик-Атырау, Таукум, Мойынкум, Жаманкум и другие). На юге расположены хребты: Заилийский Алатау, Күнгей Алатау, Кетпен, на юго-востоке Жетысуский (Жонгарский) Алатау, Жонгарские ворота. На территории области разведаны месторождения полиметаллических руд, бурого и каменного углей, горючих сланцев, вольфрамовых и молибденовых руд, известняков, кварцевых песков, гипса, гончарных и огнеупорных глин.

кварц құмдарының, гипстің, көзелік және отқа төзімді балшықтардың кен орындары барланған.

Климаты континенттік, тау етегінде ол жұмсақтау. Облыстың жазық бөлігінде қаңтардың орташа ауа температурасы -15°C , тау етегінде -6 , -8°C ; шілдеде, тиісінше, $+16^{\circ}\text{C}$ және $+24$, $+25^{\circ}\text{C}$. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері жазықтарда 300 мм-ге дейін, тау етегі мен тауларда 500-700 мм-ден 1000 мм-ге дейін барады.

Облыс аумағы бойынша Іле (Қазақстан ауқымында 815 км, жалпы ұзындығы 1439 км), Лепсі (417 км), Қаратал (390 км), Ақсу (316 км), Тентек (200 км), Ырғайты (69 км) өзендері ағып жатыр. Ең ірі көлдері – Балқаш, шығыс бөлігі сортаң (18200 км²), Алакөл (2650 км²), Сасықкөл (736 км²), Жалаңашкөл (36,6 км²). Іле өзенінде – Қапшағай (ауданы 1847 км², суының көлемі 28 млрд. м³), Шелек өзенінде – Бартоғай (ауданы 14 км², суының көлемі 320 млн. м³), Күрті өзенінде – Күрті (ауданы 8,3 км², суының көлемі 120 млн. м³) бөгендері салынды.

Жазық бөлігінің шөлді-далалық құба, қоңыр топырақтардағы құмдардың, сорлар мен тақырлардың алқаптарында жусанды-сортаңды өсімдіктер тараған. Өзен жайылмалары мен көл жағалауларында шалғынды-сор топырақтарда тоғайлық ормандар мен ши және қамыс қалыңдары өседі. Тауларда биіктік белдеулер анық көрінеді.

Облыс орталығы Қаратал өзенінің бойындағы Талдықорған қаласында орналасқан, ол 1944 жылы құрылды. Талдықорғаннан Астанаға дейінгі ара қашықтық - 1505 км. Талдықорған қаласы және елді мекендері мен облысқа бағынышты әкімшілік орталықтарында 2018 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштер бойынша 171,7 мың адам немесе облыстағы барлық халықтың 8,5% тұрады, соның ішінде, Талдықорған қ. – 145,2 мың адам немесе тиісінше 7,2%. Облыста 16 ауылдық аудан, 3 облыстық және 7 аудандық маңыздағы қала, 731 село мен ауыл, 247 селолық округ бар. Қала халқының саны 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 464,5 мың адамды (23%), ауыл халқы 1552,8 мың адамды (77%) құрады.

2017 жылы облыс бойынша жалпы өңірлік өнім 2408,8 млрд. теңгені құрады.

2017 жылы облыста 795,7 млрд. теңгеге өнеркәсіп өнімдері, оның ішінде: 4,2 млрд. кВт. сағат электр энергиясы, 87 мың тонна бетоннан жасалған құрама құрылыс конструкциялары, 77,6 мың тонна ет, 29,2 мың тонна қант өндірілді. 633,4 млрд. теңгеге ауыл шаруашылығы өнімдері (қызметтері), 1288,3 мың тонна дәнді (күрішті қосқанда) және бұршақты дақылдар (тазаланғаннан кейінгі салмақта), 951,3 мың тонна көкөніс, 722 мың тонна картоп, 211,7 мың тонна ет (сойыс салмағында), 723,4 мың тонна сүт, 1082,9 млн. дана жұмыртқа өндірілді.

2017 жылы мердігерлік құрылыс жұмыстарының көлемі 257,6 млрд. теңгені құрады және 2016 жылға 1%-ға артты.

Атырау облысы

Облыс республиканың батысында орналасқан, 1938 жылы құрылған¹⁾.

2018 жылғы 1 қаңтарға облыс аумағы 118,6 мың шаршы км-ге тең.

2018 жылғы 1 қаңтарға облыс халқы 620,7 мың адамды құрады.

Климат континентальный, в предгорной полосе мягче. Средняя температура января в равнинной части -15°C , в предгорьях -6 , -8°C ; в июле $+16^{\circ}\text{C}$ и $+24$, $+25^{\circ}\text{C}$ соответственно. Годовое количество осадков на равнинах до 300 мм, в предгорьях и горах от 500-700 до 1000 мм.

Протекают реки Или (в пределах Казахстана - 815 км, общая длина - 1439 км), Лепсы (417 км), Каратал (390 км), Ақсу (316 км), Тентек (200 км), Ырғайты (69 км). Крупнейшие озера - Балхаш, восточная часть соленая (18200 км²), Алаколь (2650 км²), Сасыкколь (736 км²), Жаланашколь (36,6 км²). Построены водохранилища: на реке Или – Капшагайское (площадь 1847 км², объем воды - 28 млрд. м³), на реке Шелек – Бартогайское (площадь 14 км², объем воды - 320 млн. м³), на реке Курты – Күртинское (площадь - 8,3 км², объем - 120 млн. м³).

В равнинной части массивы песков, солончаков и такыров с полинно-солянковой растительностью на бурых пустынно-степных, каштановых почвах. В поймах рек и по побережьям озер растут тугайные леса с зарослями шия и тростника на лугово-солончаковых почвах. В горах ярко выражена высотная поясность.

Центр области расположен в городе Талдықорған, который находится на реке Каратал, основан в 1944 году. Расстояние от Талдықорғана до Астаны - 1505 км. В городе Талдықорған и населенных пунктах, административно относящихся к областному центру, на 1 января 2018 года проживало 171,7 тыс человек или 8,5% всего населения области, в том числе в г.Талдықорған – 145,2 тыс. человек или 7,2% соответственно. В области 16 сельских районов, 3 города областного и 7 районного значения, 731 сел и аулов, 247 сельских округов. Численность городского населения по состоянию на 1 января 2018 года составила 464,5 тыс. человек (23%), сельского – 1552,8 тыс. человек (77%).

Валовой региональный продукт за 2017 год по области составил 2408,8 млрд. тенге.

В 2017 году в области было произведено промышленной продукции на 795,7 млрд. тенге, в том числе: 4,2 млрд.кВт.часов электроэнергии, 87 тыс. тонн конструкций строительных сборных из бетона, 77,6 тыс. тонн мяса, 29,2 тыс. тонн сахара.

Продукции (услуг) сельского хозяйства произведено на 633,4 млрд. тенге. Произведено 1288,3 тыс. тонн зерновых (включая рис) и бобовых культур (в весе после доработки), 951,3 тыс. тонн овощей, 722 тыс. тонн картофеля, 211,7 тыс. тонн мяса (в убойном весе), 723,4 тыс. тонн молока, 1082,9 млн. штук яиц.

Объем подрядных строительных работ за 2017 год составил 257,6 млрд. тенге и увеличился к 2016 году на 1%.

Атырауская область

Область расположена на западе республики, образована в 1938 году¹⁾.

Территория области на 1 января 2018 года равна 118,6 тыс. кв. км.

Население области на 1 января 2018 года составило 620,7 тыс. человек.

Плотность населения в среднем по области (на 1 кв. км территории) составляет 5 человек.

Атырауская область находится в основном в пределах обширной Прикаспийской низменности.

Рельеф территории - волнообразная равнина, незаметно повышающаяся с побережья Каспийского моря. Значительная часть Прикаспийской низменности занята

Облыс бойынша халықтың орташа тығыздығы (аумақтың 1 шаршы км-не шаққанда) 5 адамды құрайды.

Атырау облысы негізінен кең байтақ Каспий маңы ойпатының шегінде орналасқан.

Аумағының бедері толқынды жазық түрінде болып келеді және Каспий теңізінің жағасынан бастап солтүстік және солтүстік-шығысқа қарай біртіндеп жоғарылап отырады. Каспий маңы ойпатының айтарлықтай бөлігін қырқалы және шағылды құмдар (Нарын, Тайсойған, Қарақұм) алып жатыр. Облыстың солтүстік-шығыс бөлігінде аздаған жерді Жайықсырты үстіртінің сілемдері қамтиды.

Мұнай мен газдың, калий мен натрий тұздарының, бораттың бай кен орындары бар.

Климаты континенттік, қуаң келеді. Жазы құрғақ және ыстық, ұзақ; қысы суық және қары аз болады. Қаңтардың орташа ауа температурасы -5, -10°C, шілдеде +25 +27°C. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 150-200 мм.

Облыс аумағы бойынша ағатын ірі өзендерге Жайық (Орал) (жалпы ұзындығы 2428 км, Қазақстан шегінде – 1082 км), Жем (712 км), Ойыл (800 км), Сағыз (511 км) жатады. Ірі көлі - Индер (110,5 шаршы км).

Шөлейттік өсімдіктер өсетін құба топырақтар басым келеді. Облыс аумағының жартысын сортаң және сор кешенді топырақтар, сондай-ақ құмдар алып жатыр. Өзен жағаларында терек және тал шоқ ормандары кездеседі.

Облыс орталығы Жайық (Орал) өзеніндегі Атырау²⁾ қаласында орналасқан және 1640 жылы құрылған.

2018 жылғы 1 қаңтарға Атырау қ.ә. (қалалық әкімшілігі) 327,8 мың адам тұрды немесе облыстың барлық халқының 52,8%-ы. Атыраудан Астанаға дейінгі ара қашықтық – 1810 км. Облыста 7 аудан, 2 қала, 165 ауылды елді мекен бар, қала халқының саны 296,9 мың адамды (47,8%), ауыл халқының саны – 323,8 мың адамды (52,2%) құрайды.

2017 жылы облыстың жалпы өңірлік өнімі 5801 млрд. теңгені құрады.

2017 жылы облыста 5508 млрд. теңгеге өнеркәсіп өнімдері, оның ішінде: 42,2 млн. тонна шикі мұнай, 20,9 млрд. текше метр табиғи газ, 5,6 млрд. кВт. сағат электр энергиясы өндірілді.

61,1 млрд. теңгеге ауыл шаруашылығы өнімдері, оның ішінде: 73,1 мың тонна көкөніс, 25,8 мың тонна картоп, 25,5 мың тонна ет (сойыс салмағында), 62,1 мың тонна сүт, 99,5 млн. дана жұмыртқа өндірілді.

2017 жылы негізгі капиталға жұмсалған инвестиция көлемі 2016 жылмен салыстырғанда 15,6% артты. Инвестициялау үшін ең елеулі сала мұнай мен газ өндіру болып табылады.

¹⁾ 1992 жылға дейін Гурьев облысы деп аталды.

²⁾ 1992 жылға дейін - Гурьев қаласы деп аталды.

Батыс Қазақстан облысы

Облыс республиканың батыс бөлігінде орналасқан, 1932 жылы құрылды¹⁾.

2018 жылғы 1 қаңтарға облыс аумағы 151,3 мың шаршы км-ге тең.

2018 жылғы 1 қаңтарға облыс халқы 646,9 мың адамды құрады.

Облыс бойынша халықтың орташа тығыздығы (аумақтың 1 шаршы км-ге шаққанда) 4,3 адамды құрайды.

Жер бедері жазық. Облыстың солтүстігі мен солтүстік-шығысында Жалпы Сырттың және Оралалды үстіртінің сілемдері орналасқан. Оңтүстікте Каспиймаңы ойпатының шегінде Нарынқұмының Көкөзенқұм, Аққұм,

грядовыми и барханными песками (Нарын, Тайсойған, Карақұм). На северо-востоке области незначительную часть занимают отроги Подуральского мелового плато.

Имеются богатые месторождения нефти и газа, калийных и натриевых солей, бората и другие.

Климат континентальный, засушливый. Лето сухое, продолжительное, жаркое; зима малоснежная, холодная. Средняя температура января -5, -10°C, июля +25, +27°C. Годовое количество осадков 150-200 мм.

Крупными реками, протекающими по территории области являются – Жайык (Урал) (общая длина 2428 км, в пределах Казахстана 1082 км), Жем (712 км), Ойыл (800 км), Сағыз (511 км). Крупное озеро области - Индер (110,5 км²).

Преобладают в основном полупустынные бурые почвы с полупустынной растительностью. Половину территории области занимают солонцовые и солончаковые комплексы, а также пески. По берегам рек встречаются тополевые, ивовые рощи.

Центр области расположен в городе Атырау²⁾, который находится на реке Жайык (Урал) и основан в 1640 году.

В Атырауской г.а. (городская администрация) на 1 января 2018 года проживали 327,8 тыс. человек, или 52,8% всего населения области. Расстояние от Атырау до Астаны – 1810 км. В области 7 районов, 2 города, 165 сельских населенных пунктов, численность городского населения составляет 296,9 тыс. человек (47,8%), сельского – 323,8 тыс. человек (52,2%).

Валовой региональный продукт области за 2017 год составил 5801 млрд. тенге.

В 2017 году в области было произведено промышленной продукции на 5508 млрд. тенге, в том числе: 42,2 млн. тонн нефти сырой, 20,9 млрд. куб.м. газа природного, 5,6 млрд. кВт. часов электроэнергии.

Продукции сельского хозяйства произведено на 61,1 млрд. тенге, в том числе: 73,1 тыс. тонн овощей, 25,8 тыс. тонн картофеля, 25,5 тыс. тонн мяса (в убойном весе), 62,1 тыс. тонн молока, 99,5 млн. штук яиц.

Объем инвестиций в основной капитал в 2017 году увеличился на 15,6% по сравнению с 2016 годом. Наиболее значимой для инвестирования отраслью является добыча нефти и газа.

¹⁾ До 1992г. именовалась Гурьевской областью.

²⁾ До 1992г. именовался г.Гурьев.

Западно-Казахстанская область

Область расположена в западной части республики, образована в 1932 году¹⁾.

Территория области на 1 января 2018 года равна 151,3 тыс. кв. км.

Население области на 1 января 2018 года составило 646,9 тыс. человек.

Плотность населения в среднем по области (на 1 кв. км территории) составляет 4,3 человека.

Рельеф территории равнинный. На севере и северо-востоке области находятся отроги Общего Сырта и Предуральского плато. На юге в пределах Прикаспийской низменности расположены песчаные массивы Нарынқума: Коккозенкум, Аккум, Карагандыкум и другие.

Имеются месторождения нефти, газа, горючего сланца, калийно-магниевого соли, керамзитовых глин и другие.

Климат Западно-Казахстанской области, находящейся на стыке континентов Европы и Азии, отличается высокой континентальностью, которая возрастает с северо-запада

Қарағандықұм құмды шоқылары және тағы басқалары орналасқан.

Мұнайдың, газдың, жанар тақта тастың, калий-магнийлі тұздардың, керамзитті және басқалардың кен орындары бар.

Еуропа және Азия континентінің қиылысында орналасқан Батыс Қазақстан облысының климаты солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай көтерілген жоғары континенттігімен ерекшеленеді. Жоғары континенттік күні, түні, қысы, жазы тез температуралық қайшылықтарда, қыстан жазға тез көшумен байқалады. Атмосфералық жауын-шашынның тұрақсыздығы және тапшылығы, ауаның және топырақтың құрғақтығы барлық облыстарға тән. Қысы суық, бірақ ұзақ емес, ал жазы ыстық және жеткілікті ұзақ болады.

Ең суық ай қаңтар болып табылады, оның температурасы -9, -13°C аралығында ауытқып отырады. Қыста ауаның ең төменгі температурасы -30, -35°C-ға дейін жиі төмендеп отырады, қыстың кейбір қатты суық күндерінің ең төменгі температурасы -37, -44°C-ға дейін жетеді. Ең жылы ай - шілденің температурасы +22, +25°C. Ауаның ең жоғары температурасы +41, +46°C.

Жауын-шашынның жылдық саны облыстың солтүстік-шығысында 330 мм-ден оңтүстікте 200 мм дейін ауытқиды. Жылдың жылы кезеңінде 125-215 мм жауын-шашын түседі және олар жыл бойы тепе-тең емес түседі.

Желдің орташа айлық жылдамдығы жазғы кезеңде 3,5-4,5 м/с, қыста - 4,5-5,5 м/с.

Облыс аумағында Жайық өзені ағып өтеді (жалпы ұзындығы 2428 км, Қазақстан аумағында 1082 км). Оның Көшім атты тарамында (ұзындығы 375 км) Жайық-Көшім суландыру жүйесі құрылған, онда Киров (ауданы 39,1 км², су көлемі 62,9 млн. м³), Бітік (53 км², су көлемі 106,7 млн. м³), Дөнгелек (31,4 км², су көлемі 57,4 млн. м³) бөгендері салынған. Басқа ірі өзендер қатарына: Сарыөзен (Кіші өзен, жалпы ұзындығы 638 км, Қазақстан аумағында 395 км), Қара өзен (Үлкен өзен, жалпы ұзындығы 650 км, Қазақстанда - 260 км), Қалдығайты (242 км), Өлеңті (211 км), Бұлдырты (195 км), Шыңғырлау (Утва, 290 км) жатады. Ірі көлдері: Шалқар (ауданы 205,8 км²), Аралсор (57,8 км²), Боткөл (38,4 км²), Жалтыркөл (21,2 км²), Сұлукөл (11,1 км²) және т.б.

Топырағы күңгірт-қоңыр, қоңыр, сазды ашық қоңыр, сортаң болып келеді. Астық тұқымдас аралас шөптер, астық тұқымдас-жусанды, жусанды өсімдіктер басым болып келеді. Жайық және басқа өзендердің жайылымдарында терек, көктерек, емен, шегіршін, тал және тағы басқа бұталар өседі.

Облыс орталығы - Жайық өзені бойындағы Орал қаласы, 1613 жылы негізі қаланған²⁾ 2018 жылғы 1 қаңтарға облыс орталығында 304 мың адам тұрды немесе облыстың барлық халқының 47%-ы. Оралдан Астанаға дейінгі ара қашықтық - 1747 км. Облыста 12 аудан және 2 қала, 3 кент, 148 селолық және ауылдық округ бар, қала халқының саны 333,3 мың адамды (51,5%), ауыл халқының саны - 313,7 мың адамды (48,5%) құрайды.

2017 жылы облыста жалпы өңірлік өнім 2285,1 млрд. теңгені құрады.

2017 жылы облыста 1914,5 млрд. теңгенің өнеркәсіп өнімдері, оның ішінде: 20,2 млрд. текше метр сұйық немесе газ тәрізді күйдегі табиғи газ, 1981,8 млн. кВт. сағат электр энергиясы, 48,8 млн. текше метр табиғи су өндірілді.

Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдері (қызметтері) 140,1 млрд. теңгеге, оның ішінде: өсімдік шаруашылығы - 57,7 млрд. теңгеге, мал шаруашылығы

на юго-восток. Высокая континентальность проявляется в резких температурных контрастах дня и ночи, зимы и лета, в быстром переходе от зимы к лету. Для всей области характерна неустойчивость и дефицитность атмосферных осадков, большая сухость воздуха и почвы. Зима холодная, но не продолжительная, а лето жаркое и довольно длительное.

Самым холодным месяцем является январь, температура которого колеблется от -9, -13°C. Зимой минимальная температура воздуха нередко опускается до -30, -35°C, абсолютный минимум в отдельные очень суровые зимы достигает -37, -44°C. Средняя температура самого теплого месяца - июля - составляет +22, +25°C. Абсолютная максимальная температура воздуха равна +41, +46°C.

Годовое количество осадков колеблется от 330 мм на северо-востоке области до 200 мм на юге. За теплый период года выпадает 125-215 мм осадков, и выпадают они в течение года неравномерно.

Средние месячные скорости ветра в летний период 3,5-4,5 м/с, в зимний - 4,5-5,5 м/с.

По территории области протекает река Жайык (Урал, общая длина 2428 км, в пределах Казахстана 1082 км). На его рукаве Кошим (длина 375 км) построена Жайык-Кошимская оросительная система, где сооружены Кировское (площадь 39,1 км², объем воды 62,9 млн. м³), Битикское (53 км², объем воды 106,7 млн. м³), Донгелекское (31,4 км², объем воды 57,4 млн. м³) водохранилища. Другие крупные реки: Сарыөзен (Малый Озен, общая длина 638 км, в пределах Казахстана - 395 км), Караөзен (Большой Озен, общая длина 650 км, в Казахстане - 260 км), Калдығайты (242 км), Оленты (211 км), Бұлдырты (195 км), Шыңғырлау (Утва, 290 км). Крупные озера: Шалқар (площадь 205,8 км²), Аралсор (57,8 км²), Ботколь (38,4 км²), Жалтыркөл (21,2 км²), Сұлукөл (11,1 км²) и другие.

Почвы темно-каштановые, каштановые, светло-каштановые глинистые, солонцы. Преобладает злаково-разнотравная, злаково-полынная, полынно-житняковая растительность. По поймам Жайыка и других рек растут тополь, осина, вяз, дуб, ива и другие кустарники.

Центр области расположен в городе Уральске, который находится на реке Жайык и основан в 1613 году²⁾. В областном центре на 1 января 2018 года проживали 304 тыс. человек или 47% всего населения области. Расстояние от Уральска до Астаны - 1747 км. В области 12 районов и 2 города, 3 поселка, 148 сельских и аульных округов, численность городского населения составляет 333,3 тыс. человек (51,5%), сельского - 313,7 тыс. человек (48,5%).

Валовой региональный продукт за 2017 год по области составил 2285,1 млрд. тенге.

В 2017 году в области было произведено промышленной продукции на 1914,5 млрд. тенге, в том числе: 20,2 млрд. куб. метров газа природного в жидком или газообразном состоянии, 1981,8 млн. кВт. часов электроэнергии, 48,8 млн. куб. метров воды природной.

Продукции (услуг) сельского, лесного и рыбного хозяйства произведено на 140,1 млрд. тенге, в том числе растениеводства - 57,7 млрд. тенге, животноводства - 82 млрд. тенге. Валовой сбор зерновых культур составил 368,6 тыс. тонн (в весе после доработки), овощей - 52,5 тыс. тонн, картофеля - 58,6 тыс. тонн. Произведено 43,3 тыс. тонн мяса (в убойном весе), 231,9 тыс. тонн молока, 162,2 млн. штук яиц.

- 82 млрд. теңгеге өндірілді. Дәнді дақылдарды өндіру (тазаланғаннан кейінгі салмақта) – 368,6 мың тонна, 52,5 мың тонна көкөніс, 58,6 мың тонна картоп құрады. 43,3 мың тонна ет (сойыс салмағында), 231,9 мың тонна сүт, 162,2 млн. дана жұмыртқа өндірілді.

2017 жылы негізгі капиталға жұмсалған инвестиция көлемі 2016 жылмен салыстырғанда 3,4% азайып, 407,6 млрд. теңге құрады.

¹⁾ 1962 жылғы 3 мамырға дейін Батыс Қазақстан облысы деп аталды. Кейінгі жылдары Орал облысы, ал 1992 жылғы шілдеден бастап бұрынғы Батыс Қазақстан облысы аты қайта берілді.

²⁾ Кейбір деректерде қаланың құрылу уақытын 1584 жылға Жайық қалашығы атауымен жатқызылады, 1775 жылдан бастап - Орал қаласы.

Жамбыл облысы

Облыс республиканың оңтүстігінде орналасқан, 1939 жылы құрылды.

Облыс аумағы 144,3 мың шаршы км-ге тең.

2018 жылғы 1 қаңтарға облыс халқы 1117,2 мың адамды құрады.

Облыс бойынша халықтың орташа тығыздығы (аумақтың 1 шаршы км-не шаққанда) 7,7 адамды құрайды.

Облыс аумағы негізінен жазық болып келеді. Оның солтүстік бөлігін сазды Бетпақдала шөлі алып жатыр. Шу өзенінен оңтүстікке қарай Мойынқұм құмды шөлі созылып жатыр. Оңтүстік-батысында Қаратау жотасы (1610 м), оңтүстігінде Қырғыз Алатауы жотасы (3817 м), қиыр оңтүстік-шығысында - Жетіжол (3274 м), Кіндіктас (1506 м), шығысында - Желтау, Жамбыл (972 м), Хантау (1052 м), Айтау таулары және басқалар орналасқан.

Жер қойнауында фосфориттің, түсті металдың, тас көмірдің, ғаныштың, селитраның, ас тұзының, құрылыс материалдарының кен орындары бар.

Климаты континенттік. Солтүстіктің қысы суық, қары аз болып келеді де, оңтүстігінде - қысқа, салыстырмалы түрде жайлы, ал облыстың барлық аумақтарында жазы ыстық және құрғақ болады. Қаңтар айында ауаның орташа температурасы солтүстікте -8,0°C, оңтүстікте -0,6°C, шілде айында солтүстікте +27,3°C, оңтүстікте +26,4°C, тау етектеріндегі аумақтарда қаңтар айында ауаның орташа температурасы -3,1°C, шілде айында +26,5°C. Жылдық жауын-шашын мөлшері солтүстікте 442 мм, оңтүстікте 146,9 мм.

Негізгі өзендері: Шу өзені салаларымен (жалпы ұзындығы 1186 км, республика шегінде 800 км), Талас (жалпы ұзындығы 661 км, республика шегінде 453 км), Аса (253 км) және басқалары.

Ірі тұщы көлдері: Балқаш (батыс бөлігі 18,2 мың км²), Билікөл (33 км²), Ақкөл (15,5 км²), Үлкен Қамқалы (4,6 км²) және басқалар; тұзды көлдері: Ақжар (7,2 км²), Ащыкөл (88,5 км²) және басқалар. Шу өзенінде Тасөткел бөгені (ауданы 78 км², су көлемі 290 млн. м³), Аса өзенінде Теріс Ащыбұлақ бөгені (ауданы 24 км², су көлемі 158 млн. м³) салынған.

Шөлді сұр топырақты, сұр-құба және таулы-сарғылт, таулы-қаратопырақты жерлерде жусанды-сортаң және жусанды-астық тұқымдас өсімдіктер өседі. Құмда сексеуіл қалыңдары, өзен аңғарларында тоғайлар, тауларда ағаш тәріздес арша, әлпі шалғындары өседі.

Облыс орталығы Тараз қаласында орналасқан, оның ірге толы 1864 жылы салынған*. 2018 жылғы 1 қаңтарға қалада тұрған халық саны 355,8 мың адамды құрады

Объем инвестиций в основной капитал в 2017 году по сравнению с 2016 годом уменьшился на 3,4% и составил 407,6 млрд. тенге.

¹⁾ До 3 мая 1962г. именовалась Западно-Казахстанской областью. В последующие годы Уральской областью, а с июля 1992г. восстановлено прежнее название: Западно-Казахстанская область.

²⁾ В некоторых источниках время основания города относится к 1584г., известен под названием Яицкий городок, с 1775г. – г. Уральск.

Жамбылская область

Область расположена на юге республики, образована в 1939 году.

Территория области равна 144,3 тыс. кв. км.

Население области на 1 января 2018 года составляло 1117,2 тыс. человек.

Плотность населения в среднем по области (на 1 кв. км территории) составляет 7,7 человека.

Территория области в основном равнинная. Северную часть занимает глинистая пустыня Бетпақдала. К югу от реки Шу простирается песчаная пустыня Мойынқұм. На юго-западе хребет Каратау (1610 м), на юге хребет Кыргызский Алатау (3817 м), на крайнем юго-востоке - горы Жетіжол (3274 м), Кіндіктас (1506 м), на востоке - горы Желтау, Жамбыл (972 м), Хантау (1052 м), Айтау и другие.

Имеются месторождения фосфоритов, цветных металлов, каменного угля, гипса, селитры, поваренной соли, строительных материалов.

Климат континентальный. Зима на севере холодная, малоснежная, на юге короткая, сравнительно мягкая, лето по всей территории области жаркое, сухое. Средняя температура января на севере -8,0°C, на юге -0,6°C, в июле на севере +27,3°C, на юге +26,4°C, в предгорных районах средняя температура в январе месяце -3,1°C, в июле +26,5°C. Годовое количество осадков на севере 442 мм, на юге 146,9 мм.

Основные реки: Шу с притоками (общая длина 1186 км, в пределах республики 800 км), Талас (661 км, в пределах Республики Казахстан - 453 км), Аса (253 км) и др.

Крупные пресные озера: Балхаш (западная часть 18,2 тыс. км²), Бийликоль (33 км²), Акколь (15,5 км²), Үлкен Камқалы (4,6 км²) и другие; соленые: Ақжар (7,2 км²), Ащыколь (88,5 км²) и другие. На реке Шу сооружено Тасөткельское водохранилище (площадь 78 км², объем воды - 290 млн. м³), на реке Асы-Терис Ащыбулакское водохранилище (площадь 24 км², объем воды 158 млн. м³).

На пустынных сероземных, серо-бурых и горно-каштановых, горно-черноземных почвах преобладает полынно-солянковая и полынно-злаковая растительность. В песках заросли саксаула, в долинах рек тугайные заросли, в горах древовидная арша, альпийские луга.

Центр области расположен в городе Тараз, который основан в 1864 году*. В городе на 1 января 2018 года проживали 355,8 тыс. человек или 31,8% всего населения области. Расстояние от Тараза до Астаны - 1255 км. В области 10 сельских районов, 3 небольших города (кроме г.Тараз), 150 сельских округов, 373 аулов и сел, численность городского населения составляет 443,9 тыс. человек (39,7%), сельского – 673,3 тыс. человек (60,3%).

Валовой региональный продукт за 2017 год по области составил 1320,7 млрд. тенге.

немесе жалпы облыс халқының 31,8%. Тараздан Астанаға дейінгі ара қашықтық - 1255 км. Облыста 10 ауылдық аудан, 3 шағын қала (Тараздан басқа), 150 ауылдық округтар, 373 ауыл бар. Қала халқының саны 443,9 мың адамды (39,7%), ауыл халқының саны – 673,3 мың адамды (60,3%) құрайды.

2017 жылы облыс бойынша жалпы өңірлік өнім 1320,7 млрд. теңгені құрады.

2017 жылы облыста 374 млрд. теңгеге өнеркәсіп өнімдері, оның ішінде: 3 млрд. кВт. сағат электр қуаты, 7,6 мың тонна ет, 287,6 мың тонна қант өндірілді.

2017 жылы жалпы ауыл шаруашылығы өнімі (қызметі) 251,3 млрд. теңгеге өндірілді.

Дәнді дақылдардың жалпы түсімі (тазаланғаннан кейінгі салмақта) 672,5 мың тоннаны құрады, ашық топырақта өсірілген көкөністер – 746,1 мың тонна, картоп – 204,6 мың тонна.

Мал мен құстың союға өткізілгені 65,3 мың тонна (сойыс салмағында), сауылған сиыр сүті – 303,6 мың тонна, алынған тауық жұмыртқасы – 120 млн. дана.

2017 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 2016 жылмен салыстырғанда 1,7% өсті.

** 1864 жылы қалалық мекендер ішінде Әулие-Ата атауымен аталған; 1938 жылдан – Джамбул қаласы, 1993 жылы Жамбыл қаласы болып өзгертілді, ал 1997 жылы Тараз қаласы болып қайта өзгертілді.*

Қарағанды облысы

Облыс республиканың орталық бөлігінде орналасқан, 1932 жылы құрылды.

2018 жылғы 1 қаңтарға облыс аумағы 428 мың шаршы км тең.

2018 жылғы 1 қаңтарға облыс халқы 1380,5 мың адамды құрады.

Облыс бойынша халықтың орташа тығыздығы (аумақтың 1 шаршы км-ге шаққанда) 3,2 адамды құрайды.

Облыс Сарыарқаның оңтүстік жарты бөлігін қамтиды. Батысында оған Торғай жылғасы мен Тұран ойпатының солтүстік-шығыс шеті, оңтүстігінде - Бетпақдала шөлі мен Балқаш көлімен жанасады. Облыстың жер бедері аласа таулы, ұсақшоқылы, төбелі және жонды жазық болып келеді. Облыстың батысында - Ұлытау таулары (1133 м), шығысында - Қарқаралы (Жиренсақал тауы, 1403 м), Кент (1469 м), Қу (1356 м), Қызылтас (1283 м), Қызыларай (Сарыарқаның ең биік шыңы Ақсоран тауы, 1565 м), Кешубай (1559 м) таулары және басқалар бой көтереді, оңтүстік-батыс және оңтүстік бөлігінде Аралмаңы Қарақұмының құмды алқаптары, Мойынқұм, Жетіқоңыр құмдары және басқалар орналасқан.

Облыс минералдық-шикізаттық ресурстарға бай. Көмірдің, жездің, қорғасынның, мырыштың, темірдің, молибденнің, вольфрамның кен орындары бар, мышьяк, кобальт, никель және басқалардың кен көріністері белгілі. Кен емес шикізаттың: құрылыс тастарының, цемент шикізатының, балшықтың, құмның және басқалардың көптеген қоры белгілі.

Климаты тым континенттік, қысы суық, қары жұқа, жазы ыстық та қуаң. Қаңтардың орташа ауа температурасы солтүстігінде -16, -17°C, батыс және шығыс аласа таулы аудандарында -14°C оңтүстігінде -13°C, шілдеде солтүстікте +20, +21°C, шығыс аласа таулы аудандарында +19°C облыстың оңтүстігінде +26°C. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері солтүстігінде 250-300 мм, оңтүстігінде - 150-200 мм, ал аласа таулы аудандарда - 300-400 мм.

В 2017 году в области было произведено промышленной продукции на 374 млрд. тенге, в том числе: 3 млрд. кВт. часов электроэнергии, 7,6 тыс. тонн мяса, 287,6 тыс. тонн сахара.

Валовой выпуск продукции (услуг) сельского хозяйства за 2017 год составил 251,3 млрд. тенге.

Валовой сбор зерновых культур (в весе после доработки) составил 672,5 тыс. тонн, овощей открытого грунта – 746,1 тыс. тонн, картофеля – 204,6 тыс. тонн.

Реализовано на убой скота и птицы 65,3 тыс. тонн (в убойной массе), надоем молока коровьего – 303,6 тыс. тонн, получено яиц куриных – 120 млн. штук.

Объем инвестиций в основной капитал в 2017 году увеличился на 1,7% по сравнению с 2016 годом.

** В 1864г. упоминается в числе городских поселений под названием Аулие-Ата; с 1938г. – г.Джамбул, в 1993г. переименован в г.Жамбыл, а в 1997г. переименован в г.Тараз.*

Карагандинская область

Область расположена в центральной части республики, образована в 1932 году.

Территория области на 1 января 2018 года равна 428 тыс. кв.км.

Население области на 1 января 2018 года составило 1380,5 тыс. человек.

Плотность населения в среднем по области (на 1 кв.км территории) составляет 3,2 человека.

Область занимает южную половину Сарыарки. На западе к ней примыкает Торгайская ложбина и северо-восток Туранской низменности, на юге - глинистая пустыня Бетпақдала и озеро Балхаш. Рельеф области - низкогорная, мелкоопочная, холмистая и увалистая равнина. На западе области - горы Улытау (1133 м), в восточной части - горы Каркаралы (гора Жиренсақал, 1403 м), Кент (1469 м), Қу (1356 м), Қызылтас (1283 м), Қызыларай (гора Аксоран, 1565 м, самая высшая точка Сарыарки), Кешубай (1559 м) и другие; на юго-западных и южных частях области имеются песчаные массивы - Приаральский Каракум, Мойынқум, Жетіқоңыр и другие.

Область богата минерально-сырьевыми ресурсами. Имеются крупные месторождения угля, меди, свинца, цинка, марганца, железа, молибдена, вольфрама; известны рудопоявления мышьяка, кобальта, никеля и другие. Имеются большие запасы нерудного сырья: строительных камней, цементного сырья, глины, песка и другие.

